



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2016 ж. 12.02.

Қостанай қаласы

№ 85

город Костанай

**Банкроттық басқарушысын  
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 15- бабының 2) тармақшасына сәйкес, «ФанТАЗИЯ-Костанай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (бұдан әрі - ЖШС) банкрот деп тану туралы 2015 жылғы 14 желтоқсандағы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі және 2016 жылғы 25 қаңтардағы «ФанТАЗИЯ-Костанай» ЖШС-ның кредиторлар жиналысының хаттамасының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Айгуль Кайргельдиновна Мустафина «ФанТАЗИЯ-Костанай» ЖШС-ның (БСН 060340003312) банкроттық басқарушысы болып тағайындалсын.

2. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарына сәйкес А.К. Мустафинаға банкроттық басқарушысының міндеттерін атқару жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы А.К. Мустафина «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Департамент басшысының  
міндетін атқарушы



С.Ә. Ахметов

005180